

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

– Мен екі кеш бойы одан Дрэпердің «Еуропаның ақыл-ойының дамуы» атты шығармасы бойынша емтихан алдым, – деп жауап берді Леонтьев, – шындығын айтуым керек, ол мұны өте орнықты түсініпті» [4]. Біз еш өзгертпестен алған бұл үзіндінің толық нұсқасы бар екендігі, қазіргі уақытта мұрағатта сақталғандығы, сол деректерден Абайға қатысты тұстарын екшеп алған ғалым Т.Жұртбайдың Зәуре Батаеваға бұлтартпас дәлел ретінде ұсынғанын білдіргіміз келді.

Бұл жазбаларынан басқа абайтанушы ұлы ақынның өмірде болып қана қоймай, оның артында мұхиттай терең мағыналы өлеңдері мен қара сөздері қалғандығын, сондай асыл мұраға З.Батаева секілді шала сауатты ғалымдардың тиіскеніне іші удай аштынын жазады. Әлихан Бөкейханның өлең жазуға машықтанбағанын, ал Міржақып Дулатовтың өлеңдерінің көркемдік ойлау жүйесі, мәнері, сөздік қоры, ішкі ырғағы, өлеңдерінің мазмұны мүлдем басқаша екендігін тілге тиек етеді. «Зәуре ханым жазбасының бір ғана пайдалы жері бар, ол – қазіргі қазақ қоғамы мен Абай арасы жер мен көктей алшақ екенін көрсетті. Сонымен қатар, тілі, танымы бойынша ұлттың екіге жарылғанын сезініп, қазақтың қазақтығы құлдырап, ұлтсыздану процессі шырқау шегіне жетті» деп ашығын айтады.

Қорытынды. Тағдырдың мың сан толқынында бір өліп, бір тірілген, сөз өнерінде әлемдік классикалық деңгейге көтерілген, Асан Қайғыдан бастап Мұқағалиға дейін өлең құдыретін бағалаған қазақ халқының асыл перзенті Абайды жоқ деу – үлкен күнә ғана емес, намыссыздық, абыройсыздық. Абайдай ұстазы бар халық болу – көп ұлттарға бұйырмаған бақыт. Сол барды бағалай алмай, ондай ұстаз болған жоқ деп дәлелдеуге тырысу – ақылға қонбайтын құбылыс және ұстаз рухына да ауыр жаза.

Біздер, жаңа толқын өкілдері, аталарымыз аманаттап кеткен асыл мұраларымызды, дана тұлғаларымызды, Абайдай бағдар берген көсемімізді ұлықтай білейік, кейінгі өскелең ұрпаққа бар жарқылымен жеткізуге тырысайық!

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. «Экспресс К» басылымы, 18.07.2020 жыл.
2. «Абай кз» сайты, 23.07.2020 жыл. «Абай болмаған деген не сұмдық?» мақласы. Авторы: ғалым, абайтанушы Асан Омаров.
3. «Айқын ақпарат» сайты, 29.07.2023 жыл. «Бұл неғылған заманға ісім түсті...» мақаласы. Авторы ғалым, абайтанушы, филология ғылымдарының докторы Т.Жұртбай.
4. Ыбырай С. Жарым адамнан – толық адамға. – Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2020. – 254 б. Б. 212-213.
5. <https://abai.emi.kz/post/view?id=916> Ысқақов Әрхам Кәкітайұлы: «Абайдың өмір жолы».

ӘОЖ 12.17

РЫМҒАЛИ НҰРҒАЛИДІҢ «АЙ ҚАНАТТЫ АРҒЫМАҚ» РОМАНЫНДАҒЫ ЖҰМАТ ШАНИН ОБРАЗЫ

Асылбек Алина Сындарбекқызы

asylbek_alina@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, “Қазақ тілі мен әдебиеті” мамандығының

1-курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., проф. С.Ш.Айтуғанова

Рымғали Нұрғали прозасы - өз алдына айрықша көркем тілі, стилі, көркемдік тәсілі бар проза. Жазушы қаламынан шыққан қай туынды болмасын терең ойды білдіретін салмақты, өміршең, ақиқатпен ұштасып жатқандығын байқаймыз. Шығармасындағы халықтың тұрмысы,

ойлау деңгейі, басына түскен ауыртпашылық Рымғали Нұрғалидің өзіндік көркем тілі арқылы айшықты суреттелген. Қаламгерлік қарымын танытқан «Ай қанатты арғымақ» романы, «Дән» новеллалар жинағы, «Аяқталмаған трагедия» әңгімелерінде қазақ халқының жүріп өткен соқпақ жолы, тарихтағы маңызды оқиғалар шешен тілмен өрнектелген.

Аталған прозалардың ішінде “Ай қанатты арғымақ” романы қазақ әдебиетінде сталиндік уақыттың, Кеңес дәуірінің көрінісін айна қатесіз көрсеткен көркем туынды. Романның бас кейіпкері Жұматтың прототиі - Жұмат Шанин. Роман өтірік жаламен “халық жауы” атанған қазақ театрының тұңғыш режиссері - Жұмат Шанин туралы. Автор Жұмат Шанин тағдырын, ол өмір сүрген қоғамды, зұлмат заманды көркем тәсілмен жеткізеді. Оның өскен ортасы, араласқан адамдары, басынан кешкен тауқыметі, қара жұмысқа жегілуі, жауапты қызметтерде жұмыс жасауы, қазақ театрының қара шаңырағын құруы бірізділікпен нақты деректер негізінде суреттелген. Жұматтың тағдыры ғана емес, сонымен қатар қазақ ұлттық театрының да тұңғыш қалыптасуы көрсетілген.

Әдебиеттану сөздігінде көркем бейне, яғни образға мынадай анықтама берілген: «Көркем образ — әдебиетте, өнер салаларында өмір шындығын, қоғамдық құбылыстарды, табиғатты, адам тағдырын бейнелеп көрсету тәсілі». [1,186 б.] Автор позициясы мен идеясына жетекші тұлға, бас кейіпкер - Жұмат Шанин. Романда Жұмат арқылы сол уақыттағы қоғамдық құбылыс, адам тағдыры, әлеуметтік жағдайы көрінеді. Жазушы Жұмат Шаниннің образын әр қырынан ашып көрсеткен. Бас кейіпкердің бейнесі қосалқы кейіпкерлер арқылы әр оқиғада, диалогта танылып отырады. Жұмат образы Бақтияр, жұмысшы тап, әйелі Жанбике, майдадағы жолдастары, т.б. арқылы айқындалады.

Жұмат кішкентайынан еңбекке ерте араласқан, балалық шағы ойын ойнаумен емес, еңбек етумен өткен балалардың қатарынан. «*Жалғыз аяқты қол арбамен көн тасуға кірген күннің ертеңіне Жұмат орнынан әрең тұрды. Екі қолы, белі көтертпей қалыпты. Бір жұмаға дейін өзге балалардың артында қалып, мазаққа ұшырап жүрді. Тас шамадан көп салынса керек, әрең қозғап келе жатқан қол арбасына ие бола алмай қалады. Жұмысты басқарушы Борсықбай деген қазақ жігіті қасына жетіп келіп: «Иттің күшігі, көзіңе қарамайсың ба? Ақшаны әке-шешен санап алғанда сондай шебер. Ал қол арба сынса кім төлейді? Сен төлейсің. Көзіңе қара, шошқа!» - деп желкесінен бір түйіп жіберген. Жұмат ернінен тістеп, көзіне келіп қалған жасқа әрең ие болды. Қорланып, намыстанды. Кейін пісіп – қатып алды ғой. Қол арбаны ұршықша үйіреді» [2.8-б.]. Автор Жұматтың еңбекке ерте араласқанымен қатар, сол замандағы балалардың да ересек адамдармен қатар жұмысшы ретінде есептелетінін көрсеткен. Ер балаға тән характер байқалады: намысқойлық, жасын көрсетпеу. Бала Жұматтың қанша қиын болса да, намысқа тырысып, жұмысты тез меңгеріп алу қабілетін де байқатады.*

Нағашысы Алтыбайдың үйіне барған кездегі Жұматтың өнерге қызығушылығы аңғарылады. Алтыбайдың домбырасына қызығып, ауыл адамдарына сол домбыраны тартып беріп, нағашысынан сый ретінде алуынан оның өнерге деген ықыласы көрінеді. «*Жұмат көңіліндегі қуанышын жасыра алған жоқ, көзі күліп, беті алабұртып тұр. – Қалжың ба, шын ба, нағашы? Маған мүлде бере саласың ба? Ауылға алып кетем бе? – Рас, айналайын. Бұл домбыра ғана емес, өзім білетін барлық ән-күй, ырғақ-әуезді саған түгел берем» [2.19-б.]*

Тарихи дерекке сүйенсек, әкесі Тұрғынбай еті тірі кісі болғанмен, ән-күйге, домбыраға қырсыз адам болған. Анасы Қалияның отбасынан өнерпаздар көп шыққан. Жұмат пен Алтыбай нағашысының бір-біріне жақындастыратын да – өнер. Жиенінің өнерге алғаш қадам басуына ықпал еткен . [3.5-б.].

Бақтиярдың қаладан оқудан келіп, Жұматты іздеп ауылына барып, онымен кездесуі арқылы бала кезден бергі айнымас достықтың нышанын аңғартады. Автор Жұматтың Қоянды жәрмеңкесін, ондағы адамзат мәдениетінің өзгешелігін көруі, Әміремен таныстығы арқылы оның дүниетанымдық көкжиегінің кеңеюіне Бақтияр досын себепші етіп көрсетеді.

Кейіпкер бейнесін таныту жолдарының бірі – диалог. Автор диалог арқылы Жұматтың жолдастарына қарағанда реттілікке, жинақылыққа мән беретіні байқалады. «*- Әй, жігіттер, - деді Жұмат. Біреу бұрылып, біреу бұрылған жоқ. – Әй, жігіттер! – Бұл жолғы дауыс қатты шықты. – Бүйте берсек, малдан айырмаларымыз қалмайды ғой. Мынау сұмдық қой. - Е, не құрып*

қалыпты, - деді Тастан... – Қарамайсың ба, жан – жағыңа. Адам жататын жер ме, әлде шошқа қора ма? – Әй, Жұмат, кісінің өзі тері – тармысына ілініп, сіркесі су көтермей тұрғанда, сен де баланың сөзін айтады екенсің... Осы көрлақатта жатқанымызға міне, бүгін жүз күн болды... – Мынаны, мынаны, мынаны, - деп Жұмат әр жерде жатқан үш етікті босағаға қарай лақтырып жіберді, - былай қоюға болмай ма? Әлде былғаныш, нәжісті иіскеп жатпасаң, ұйқы келмей ме?..... Әлде аналар кетіп тазартып бере ме? Өлмесе ома қапсын деп отыр. Былыққан, лас, оңбаған жұрт деп күнде күледі. Мазақ қылады сыртымыздан. Тіл түсінетін адам намыстан жарылып кетер еді». [2.64-66-б]. Жататын жерлерін «шошқа қораға» теңеуі де бекер емес, астарында қазақ болмысына жат қасиет екені аңғарылады. «Былыққан, лас, оңбаған жұрт деп күнде күледі» деген сөздерінен озбыр саясат өкілдерінің майдандағы Жұмат сияқты қазақтарға көзқарасы мен осы сөзді жиі еститін қазақ жігіттерінің намыстан күйіп кететіндей күйін көрсетеді.

Жанбикенің жанында Жұмат қамқор, әзілқой, әйелінің ойымен санаса алатын, онымен кез келген тақырыпта еркін әңгіме айта алатын қырынан танылады. Жұмат пен Жанбикенің мына бір диалогында автор психологиялық параллелизмді ұтымды қолданған. «Қарағайды ұнатпаймын, - деді Жанбике. – Неге? – Түсін бермейді. Қашан көрсең де жап-жасыл болып сықияды да тұрады. – Қарағайдың қасиеті сол өзгермес тұрақтылығында, мәңгілік беріктігінде емес пе? – Берік болса қайтейін! Бола берсін. Жанымжақсы көретін ағаш – қайың. Көктемде солқылдаған бойжеткен, жазда – келісті келіншек, күзде – аялы алақанды әже. Уақытпен бірге өзгереді, бірге жайнап, бірге қартаяды. – Атқан оқ дарымас, қаққан темір батпас дүлей тастан қарағайдың қасиеті тамыры нәр тауып, сонда түйнек салып, тіршілік үшін күрес бастайды. Сондықтан ата-бабамыз өзіне-өзін сын айтқанда қарағай тамырлы қазақ деген зой, - деп барып Жұмат басын көтерді... – Мен балтыры оқтаудай, құс кеуделі, қолаң шашы төгілген ақ қайыңмын... – Мен балтыры бесіктей, кеудесі жуан есіктей, бұтақтары шаңырақтай айбақ-сайбақ, жартасты жарып шыққан, мың бұралған тамыры жеті қат жер астынан нәр тартқан қарағаймын». [2.125-127-б.]. Қаламгер кейіпкерлердің диалогы арқылы адам мен табиғат арасындағы үйлесімділікті көркем етіп көрсетеді. Жанбикенің бейнесін өзін қайыңға теңеу арқылы әдемілікке, нәзіктікке, өзгеріске, көркемдікке жаны құштар кейіпкер ретінде суреттейді. Ал Жұматтың болмысын қарағайдың қаттылығы, беріктігімен, тұрақтылығымен, тамырының тереңге жайылуымен сәйкестендіреді.

«Бала кезінен үлкен қала, Сібірдің астанасы іспетті Омбыда өсіп, зор ғимарат, ұзын көше, тасболат сарайларға көзі үйренген, кейін майдан жұмыстарына алынғанда, Москва, Петроград, Рига секілді ғаламат шаһарлармен етене таныс болған, Кереку, Семейде қызмет істеген Жұмат үшін Қазақстанның жаңа астанасы – Қызылорданың жатаған үйлері, құм басқан аулалары, есек арбасы – әрі таңсық көрінді, әрі мұңайтты». [2.57-б.]. Жазушының Жұматтың тарихи өмірі мен көркем әлемдегі өмірін ұштастырған. Тарихтағы деректерді пайдалана отырып, Жұмат жүріп өткен жолдарды көрсетті.

«Театр үш нәрседен құралады. Олар: Бірінші – жазушы. Екінші – сахна. Үшінші – көруші зал. Бұл үшеуінің басын өосып жалғастыратын – режиссер.... Қазақтың театры – оның телегей-теңіз ауыз әдебиеті, тұрмыс-салты, батырлар жыры, ойын-сауығы, әні мен биі, аужары мен сыңсуы, билер айтысы, қоштасуы мен жоқтауы, таусылмайтын қазынасы – шешендік сөздері, мақал-мәтелдері..... Қазақ театрының қолға алған жұмысы үлкен, жүгі ауыр, жолы алыс... Еңбекті егізім деп таныған, ақылын жігерімен жаныған азамат керек.... Театрдың атқаратын жұмысы: езілгендердің қорлығын, басынан кешірген өмірін өткір қиял ойлап, шебер қалам жазса, оны театр әділдік мынау, жауыздық мынау деп алып келіп майданға шығарады, тірі суретін көзге көрсетеді, қиянаттың қылығын алып келіп көруші адамды тербетіп, сергітеді, ой салады, жарыққа қарай жол сілтейді» . [2.61-62-б.]. Жазушы Жұматтың осы сөздері арқылы оның театр туралы білімін, терең танымын, қазақ тарихындағы театр әлемінің қандай деңгейде екенінен оқырманды хабардар етеді. Жұматты сөйлету арқылы автор ХХ ғасырдағы театр туралы түсінікті, гуманистік ойды, қазақ театрының жағдайын жеткізген.

Әке Жұматтың гастрольге жол жүріп бара жатқанда Асылбек деген ұлынан айырылуы кезіндегі бейнесі: «Қайғы-қасіретті ішке тығып, тілді тістеп жүріп, қазақ артистерінің, қырдан келген өнерпаздардың концертті дұрыс өтуіне барлық жағдай жасаған Жұмат қайратына ырзалықтың шегі жоқ». [2.209-б.]. Жұматтың қайраттылығы мен қоса жауапкершілігін байқатады. Артынан қаншама өнерпазды ерітіп, Мәскеуге гастрольмен жол тартқан қауымның еңсесін түсірмеу, қиын болса да білдіртпеу, оларды алаңдатпау - алдындағы үлкен міндетті дұрыс атқаруды бірінші орынға қойғандығының белгісі. Автор Жұматқа үлкен жүк артып тұр. Мәскеуде өтетін үлкен концертте қазақ театры әртістерінің өнер көрсетуі тарихи сәт екендігін ескерген.

«Жұмат таң қалды. Репетициядан қол босаған кезде, жүйелі түрде әлем театры тарихынан сабақ өткізе бастаған. Мынау өзі оқыған, театрдың шығуына байланысты лекция болатын. Бір сөзін қалдырмай қалай жаттап алған?» [2.98-100-б.]. Тек қазақ өнері мен тарихын меңгертіп қоймай, шетел өнері, театры туралы дәріс өткізуі – универсализмге баса назар аударғандығын білдіреді. Жұматтың өнердің бастауы ретінде грек театрына екпін қойғандығы аңғарылады. Жұматтың бітім-болмысы Серке, Әміре, Иса, Қалыбек, Құрманбек, Елубай сынды өнер тарландарының көркем бейнелерімен сабақтастырылады. Осы аталған өнерпаздардың ежелгі грек театры туралы баяндауларын көркемдік ойлау жүйесі мен ғылыми фактілердің тоғысар жолы ретінде қарастырамыз.

« - ...Қазіргі майданға, қазіргі саясатқа қызмет етсе ғана, сенің театрың театр. Әйтпесе ескі бақсы, бұрынғы батыр кешегі сал-серінің гөй-гөйіне баса берсе, құндарың бес-ақ тиын...Тап тартысына, кеңес жолына қызмет етпейтін мекеменің бізге керегі жоқ. - ... Қазақтың ұлт театрын заман, Октябрь төңкерісі тудырған. Оны жаптырып тастау, екеуміздің қолымыздан келмес, сірә. ... Кейін, әр жерде қазақ театрлары ашылған заманда, ұзақ, алыс сапарлар азаяр, бірақ бүгін ұлт театрын ұлт топтарынан, ата-ана тамырынан ажырата алмаспыз. - ... Не десең о де, мен өз басым идеология туралы атаулы, философияң, әдебиетің, театрың, өнерің – бәрі саясаттың құлы деп білем. Бәрінің атасы – саясат. Қалаңда, қаламаңдар, көңіңдер, көнбеңдер, бәрібір – саясат қалай бұрылса, солай бұрыласыңдар. Бұрылмаған мойынды үземіз, иілмеген басты кесеміз...». [2.233-235-б.]. Автордың сөз түйінін осы диалогқа қалдырған. Бақтияр мен Жұмат арасындағы дүниетанымдық қақтығыс суреттеліп, ұлт тағдыры, болашағына қатысты идеяға тіреледі. Театрды дамытып, сақтап қалудағы Жұматтың максимализмі, қара шаңырақты сақтап қалудағы үлесі талай оқиға шиеленісімен, тарихи-әлеуметтік алғышарттармен астасып жатыр. Автор ұлт алдындағы жауапкершілік, театрды қазақ тарихы мен сөз өнерінің аманаты ретінде көре алуы арқылы Жұматтың шынайы қалпын суреттейді.

Жұматтың образы шығармадағы әр оқиғаға байланысты жан-жақты ашылып отырады. Өмір жолында кездескен адамдармен байланысы арқылы түрлі кеңістіктік және уақыт өлшемдеріне сай көркем тұрғасы жасалды. Жұмат образы арқылы озбыр үкімет саясатын астармен абайлап айта білген.

Қорыта келе, Рымғали Нұрғалидің Жұмат Шанин туралы роман жазғанда ол туралы зерттеу жүргізіп, деректер жинағаны шығарманың өн бойынан көрініп отырды. Тарихи фактілерді романға арқау етіп, бітімі бөлек туынды шығарған. Жұматтың балалық шағынан театр өнеріне дейінгі өмірі нақты деректер негізінде жазылған. Жұматтың қай жерде қалай сөйлейтінін, қандай іс-әрекеттерге баратынын алдынан кездескен адамдармен, басына түскен оқиғалармен байланыстырған. Бас кейіпкердің бейнесі қосалқы кейіпкерлер бейнесінің иерархиясы арқылы біртіндеп танылады. Жұматтың басындағы қиындығы негізінде ұлт тағдыры жатқанын көрсетеді. Ауқымды ойды жеткізу барысында Жұматтың образын ұтымды бейнелеген. Жұмат образы отаршылық кезеңдегі ұлт тағдырын ойлап, «тар жол, тайғақ кешкен» тұлғаларды еске түсіреді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (Құрастырушылар: З.Ахметов, Т. Шаңбаев) Алматы: «Ана тілі», 1998. – 384 бет.

2. Рымғали Н. «Ай -қанатты арғымақ: Роман, новеллалар. – Алматы: Жалын, 1990 – 480 бет.
3. Шанин Ж. Арқалық батыр. Пьесалар мен мақалалар – Алматы: «Өнер – 21 ғасыр» қоғамдық қоры, 2017. – 384 бет

ӘОЖ 82.091

РАУШАНБЕК БЕКТІБАЕВТЫҢ «КҰДАЙДЫҢ ҚАРҒЫСЫ» ПАМФЛЕТІНДЕГІ ИНТЕРМӘТІНДІК СИПАТ

Асылбекова Дана Асылбековна
danagoy@outlook.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – PhD, аға оқытушы Ж.Т.Карипбаев

Кіріспе. Әдебиеттанудағы қазіргі өзекті зерттеу объектісі – мәтіннің шығу тегін анықтау мен оның басқа мәтіндермен байланысын зерттеу боп отыр. Структурализмдегі мұндай ұмтылыс М.Бахтиннің «Ауызша көркем шығармадағы мазмұн, материал және форма мәселесі» еңбегінен кейін кең етек жайды. Аталған еңбегінен кейін М.Бахтин мәтін мен ондағы мазмұн, форма тақырыптарына тереңірек тоқталып, «полифония» теориясын жасайды. Бұл теория жаңа мәдени контексте сөзге сілтеме жасау немесе пародияланған сөздердің қиылысуы негізінде пайда болатын тілдердің диалогы дегенді білдіреді. Дәл осы полифония ұғымынан «бөгде сөз» бен «диалог» философиясының негізінде әдеби туынды тіліндегі түрлілік түсінігі пайда болды [1]. М.Бахтиннің сөзінше, әрбір прозалық мәтінде диалог түрінде екі дауыс кездеседі, яғни микродиалог беріліп отырады. Оның «бөгде сөз» бен «диалог» теориясын әрі қарай дамытқан, постструктурализмнің өкілі Ю.Кристева болды. Ол 1967 жылы «интермәтін» терминін әдебиеттануға әкеліп, оған «кез келген мәтін дәйексөздер мозаикасы болып сап түзейді, кез келген мәтін тұтынатын өнім және басқа қандай да бір мәтіннің трансформациясы болып табылады» деген анықтама жасайды [2]. Бұл термин жалпы қысқа қайырғанда «мәтін ішіндегі мәтін» мағынасын береді. Ғалым Ю.Кристеваның аталған тұжырымынан соң интермәтінділік хақында зерттеулер кең етек жайып, тармағы мен тарауы көбейді.

Зерттеу әдістері. Мақаланы жазу үшін әлем әдебиеттану ғылымындағы структурализм, интермәтін мен оның айырым белгілеріне қатысты жазылған ғылыми еңбектер пайдаланылды. Зерттеу барысында терминдерді талдау, шығармаларды салыстыру, саралау және тарихи-типологиялық дәйектеу әдістері қолданылды.

Талқылау мен нәтижелер. Негізінен интермәтін постмодернистік мәтіндерді зерттеуге бағытталып отырды. Мәселен, постмодернизм зерттеушілері мен постструктуралистері М.Бахтиннің бұл тұжырымына әр қилы анықтама жасап, ғылымға қатысты ой-толғамдарды толықтыра түсті. Дәлірек айтқанда, диалогизм мен интермәтіндік теориясының ара-жігі Р.Барттың «автордың өлімі» постуляциясында анық көрінеді. Постструктуралист Р.Барт ғалым М.Бахтиннің «бөгде сөз» теориясын қолдағанмен, көркем мәтіннің конструктивті бірлігі ережесіне түбегейлі қарсы шығады. Ол автордың еркіне қарамастан, кез-келген мәтін қайталама деген тұжырымды алға тартады. Яғни барша мәтін жаңа емес, ескінің жамау қосындысы. Оның ойынша, әрбір мәтіннің бойында айқын, әрі жасырын дәйексөз сақталған. Интермәтіннің міндеті – сол дәйексөздерді табуда жатыр [3].

Жалпы алғанда әрбір мәтін алдыңғы мәтінге қатысты реакциядан тұрады. Интермәтіндіктің постструктурализмдегі айқын көрінісін Р.Барт былай деп түсіндіреді: «Әрбір мәтін интермәтін бола алады. Алдыңғы мәдениеттің мәтіндері мен қоршаған мәдениеттің мәтіндері азды-көпті танылатын формаларда әр түрлі деңгейде беріліп отырады. Әрбір мәтін ескі дәйексөздерден тоқылған жаңа мата. Мәдени кодтардың, формулалардың, ритм құрылымының, әлеуметтік идиомалардың үзінділері мәтінге сіңіп, өзара біте қайнасады» [3, 78]. Интермәтіндіктің осындай кең мағынадағы анықтамасы «бұрын жазылмаған жаңа